| | Мөлдіреп көзі ойнаған<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.Ептілік, күш, төзімділік, көпшілдік қасиеттерін дамыту.Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауды қолдана білуге үйрету<br>***«Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны.***<br>Бір-бірден тізбекке тұ-рып, әр ойыншы алдың-ғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тіз-бектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады. | шаттанған, мәнерлі жеткізу. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу.<br>***Ойындар, Қыста қандай мерекелер болатынын соған орай әндер айту Абай атамыздың Қыс деген тақпағын жаттату Ақ киімді денелі ақ сақалды***<br>***Соқыр мыңқау танымас тірі жанды***<br>***Үсті басы ақ қырау түсі суық***<br>***Басқан жері сықырлап келіп қалды хормен айтқызу»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог ойынның шартын түсін-діреді.<br>***1-4 такт:*** Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>***5-6 такт:*** Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br>***7-8 такт:*** Соңғы аккордқа дейін орындық-тарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді. | сананың ішінен тепетең-дікті сақтай отырып өту-ге жаттығуды жалғасты-ру.Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз беті-мен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>***Ойын:***<br>***«Доптар мектебі»***<br>***Мақсаты:*** Доппен ой-наудың түрлерін үйрету, 2 қолмен қағып алу, қа-бырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Ептілікке тәрбиелеу.<br>***Шарты:***Балалар педагог тың көрсеткен жаттығу-ларын орындайды.<br>***1.*** Допты жоғары лақты-рып екі қолмен қағып алу.<br>***2.*** Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу.<br>***3.*** Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу.<br>***4.*** Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу.<br>***5.*** Допты қабырғаға соғып ұстап алып,жерге соғып қағып алу.<br><br>– | ***– Сабын, жөкемен...... (денемізді жуамыз).***<br>***– Сүлгімен..... (денемізді сүртеміз).***<br>***– Тарақпен .... (шашы-мызды тараймыз).***<br><br>***Ойын жаттығуы: «Не үшін керек?»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог суретті көрсетіп, олар- дың аттарын айтады және сұрақ қояды. ***Ойын барсы:*** – Мынау – қол.<br>Қол не үшін керек? Балалар әр дұрыс жауап үшін бір фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Сәуле мен Арман тазалық заттарын алып келеді.<br>– Сәуле, не әкелдіңдер?<br>– Тазалық заттарын. Олар бізге таза жүру үшін керек.<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. Музыка-ның ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріс-пен беру.Түрлі сипатта-ғы музыкамен байланыс-ты музыкалық ойын бей-нелерін:байсалды, көңіл-ді, шаттанған, мәнерлі жеткізу. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу.<br>***Ойындар, Қыста қандай мерекелер болатынын соған орай әндер айту Абай атамыздың Қыс деген тақпағын жаттату Ақ киімді денелі ақ сақалды*** | басқаруды, арқаннан ұстап сал-бырап тұруды, епті-лік, өз бетімен әрекет ету,күштілікті дамыту<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»***<br>***Ойын барысы:*** Қозға-лып бара жатқан ны-сананы ***«ату»*** кезін-дегі қауіпсіздік ереже-лерін еске салады.<br>Ойыншылар ***«аңшы-лар»*** мен ***«қояндарға»***бөлінеді. ***«Аңшылар»*** сызықтың сыртына тұрады, ал ***«қояндар»*** сызықтардың ортасы-на тұрады. ***«Аңшы-лар»*** доппен ***«қоян-дарды»*** атып алуға тырысады. ***«Оқ ти-ген»*** қояндар ойыннан шығады. Барлық қоян-дарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ***Соқыр мыңқау танымас тірі жанды Үсті басы ақ қырау түсі суық Басқан жері сықырлап келіп қалды хормен айтқызу»*** ***Ойын шарты:*** Педагог ойынның шартын түсін-діреді. ***1-4 такт:*** Балалар әр бағытта жүгіреді. ***5-6 такт:*** Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. ***7-8 такт:*** Соңғы аккордқа дейін орындық-тарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді. | |
| **Серуен** | | | | | |
| **«Гүлдерді күтеміз»ойыны** **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме | ***Қимылды ойын:***«Ту». **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.( Тулардың түстері әр түрлі болу керек) | ***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек. | **Ойын:** ***«Допты қуып жет»*** **Мақсаты:** Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын. | **Психологиялық ойын:** **Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»** ***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. ***Ойын шарты:*** Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл рөлді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, | **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ** **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br> | | | | ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.<br>"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.<br><br>  | |
| **Ойындар , дербес әрекет**<br>**Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс** | ***Қол маторикасын дамы-туға арналған санамақ ойын:***<br>***«Жүретін саусақтар.»***<br>***Мақсаты:*** Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды | ***Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары***<br>***Ойын:«Дыбыстарды анықта» жаттығуы***<br>***Мақсаты:***Балалардың фонетикалық дыбыстар-ды | ***Дидактикалық ойын: «Сипатына қарай шешуін тап»***<br>***Мақсаты:***Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей оты-рып, байқампаздыққа баулу | ***Тіл дамытуға арналған жаттығу***<br>***Мақсаты:***Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту<br>***1.Т:Күйсандықтыашайық***<br>***Б:***До- до- до | ***Ойын:***<br>***«Сөйлемді аяқта»***<br>***Менің досым......( сы-пайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)***<br>***Ойын шарты:*** Сөздік қорын дамыту, шағын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>***Керекті құралдар:*** Суреттері бар кітапшалар.<br>***Шарты:***Суреті бар кітап-шаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін де-ген суреттерді парақ бетін-де саусақтарды жүргізе отырып ***(2 саусақпен),*** су-ретті нұсқап оның атын сұ-райды.балалар жауап бере-ді.Сол ереже бойынша қайталанады.<br>**Баламен жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттату Ақсезім** | меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>***Ойын шарты:***Фонема-тикалық айыруға қабі-летін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тіл-деріне табысты оқытудың негі-зінде жатыр.Балаға түрлі заттар бейнеленген су-реттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл зат-ты білетіндігін тексері-ңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыс-тан бастала-тын затты көрсетуін өтініңіз.<br>***Мысалы:*** Сіз ***«сүт»*** сө-зін айтасыз, бала ***«сиыр»*** суретін көрсетеді, өйтке-ні 2 сөз де ***«С»*** әрпінен басталады.<br>**Баламен жеке жұмыс: Мұқағали Мақатаевтың Өлеңін жаттату Қайсар** | ***Ойын барысы:*** Педагог суреттер көрсетеді.<br>***Мысалы: Ақшақардың суреті – «Балалар сен-дердің алдарыңда ақша-қардың суреті бейне-ленген кәртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бі-рақ анықтап қарасаң-дар оларда өзгешелік-тер бар.Осыған байла-нысты сендерді сурет-тегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын».*** Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар?<br>-Екі көзі,бір қызыл мұрыны бар<br>-Бастарында ше?<br>-Біреуінде шелек, екінші-сінде кастрюль<br>-Қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар?<br>-Сыпырғыш,күрек, таяқ-шалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында<br>-Түймелері нешеу?<br>-үш,төрт.<br>***Көрнекіліктері:*** Заттық суреттер:ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен<br>**Баламен жеке жұмыс: Абайдың өлеңін жаттату «Қыс» (Айдана)** | ***Т:***Тілдерінбізбастайық<br>***Б:***Ре - ре - ре<br>***Т:*** Бас дыбыстыбастайық<br>***Б:***Ми - ми - ми<br>***П:***Жайлапәнгесалайық<br>***Б:***До - до - до<br>***2. Шалқыпшығарсондақүй***<br>***Б:***Фа - фа - фа<br>***Т:***Бәрі До - дан басталар<br>***Б:***До- до -до<br>***П:*** До -ныңқоштарбасқалар<br>***Б:*** До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до<br>**Баламен жеке жұмыс: Дыбыстарды қайталату (Султан )** | әңгіме құрастыруға үйрету.<br>***«Менің досым» ойыныШарты:***Допты лақтырып, қа-ғып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылық-тары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.<br>**Баламен жеке жұмыс: Абай оқуларына қатыстыруға Абайдың өлеңін жаттату «Айттым сәлем қаламқас» (Дияр** |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, когнитивтік, коммуникативтік, шығармашылық,** | **Ойын:** «Керсінше айт»<br>«Бір сөзбен ата» | **Ойын:** «Жазылмай қалған сандарды ата»<br>«Орындықтар» | **Д/ойын:** «Сиқырлы суреттер»<br>«Қай қолымда көп» | **Ойын:** «Ұзын-қысқа»<br>«Кім епті» | **Қимылды ойын «Үйсіз қоян».**<br>**Мақсаты**:<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, көрнекілік, дербес және т.б.) Балалардың іс-әрекеті (ойын, когнитивтік, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, көрнекілік, дербес және т.б.)** | | | | | —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу. | Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру | Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!! |

**Тәрбиеші: Абдрахманова А.Б**

**Тексерген:** **Оқу ісі меңгерушісі Нурушева Аягоз Негметолловна**

**Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

**<u>Мектепалды сыныбы</u>**

**Балалардың жасы <u>5- жастағы балалар</u>**

**Жоспардың құрылу кезеңі:29 01.-02.02.** <u>2023-2024 оқу жылы</u>

| Күн тәртібі кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты – жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңес беру** | Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу. | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру .. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды** | ***Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата»*** | ***Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?»*** | ***Дидактикалық ойын: «Кері әрекетті айт»*** | ***Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** | ***«Таныс пішіндер доминосы»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Ойын шарты:*** Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек.<br>**1.** Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... ***(жидектер)2.*** Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... ***(гүлдер)***<br>***3.*** Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... ***(жәндіктер)***<br>***4.*** Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... ***(малдар)***<br>**5.** Күн, түн, таңертең, кеш – ***... (күн уақыты)*** | ***Мақсаты:***Әрбір үй жа-нуарларының төлдерінің аттары мен жабайы жа-нуарлардың аттарын үйрету.<br>***Ойын барысы:***Балалар-ға суреттер көрсету ар-қылы олардың атаула-рын, немен қоректене-тінін, тіршілігін айту.<br>***Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б***<br>***Көрнекілігі:***Үй және жабайы жануарлар суреттері | ***Ойын шарты:*** Педагог балаларға сөйлем айта- ды, балалар сөйлемнің кері әрекетін тауып айтады.<br>***1. Асан кірді, анам ... (шықты)***<br>***2. Анам құйды, Марат ... (төкті)***<br>***3. Айгүлжинады, Айсұлу... (шашты)***<br>***4. Әкемкелді, ағам... (кетті)***<br>***5. Атамашты, әжем... (жапты)*** | ***Мақсаты:***Түстер тура-лы ұғымдарын кеңейту<br>***Ойын барысы:***Педагог қызыл,жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрел-келерді әкелді. Дүкеншілер олар-ды сөрелерге орналас-тырды.Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөре-ге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тә-релкелерді орналастыр-ды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Со-нан соң кеселерді әкел-ді. Қане, балалар дүкен-шілерге кеселерді тәрел-келерге түстеріне қарай орналастыруға көмекте-сейікшідеп балаларды ойынға шақырады.<br>***Көрнекілігі:***Картоннан қырқылып полотноға ор-наластырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер. | ***Мақсаты:***Геомет-риялық пішіндер жай-лы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру<br>***Ойынның мазмұны:***Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бі-рінші суретті үстелдің ортасына қояды, қал-ған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейне-ленген пішінді атай-ды. Ойын осылай жалғаса береді<br>***Көрнекілік:***Пішіндер бейнеленген суреттер |
| Жаттығулар | Жан-жақты дамытушы жаттығу | | | | |
| Сөздік минимум | Құстарға қамқорлық | шана | дөңгелек, сопақша | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***Жылулық сәті:***<br>***Қуанамын, күлемін,***<br>***Жылы менің жүрегім.***<br>***Достарымаүнемі,***<br>***Риза болыпжүремін.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Аманбысың ,алтын күн!***<br>***Аманбысың, жарқын күн!***<br>***Маған жылу, жарық бер,***<br>***Қуаныш пен шаттық бер.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Қоңыраудың сиқырлы,***<br>***Естіледі сыңғырлы***<br>***Қолыңды бер дейді.***<br>***Шеңберге кел дейді.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Аспан ашық ,көгілдір***<br>***Күн шуағын төгіп тұр!***<br>***Қол ұстасқан біздерді,***<br>***Терезмнен көріп тұр.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Бақыт деген-***<br>***Осы шаттық шеңбері.***<br>***Қол ұстасып***<br>***Тұрайықшы, кел бері.*** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері** Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:«И»** дыбысы- мен және әрпімен таныс- тыру. ***«И»*** дыбысынан бас- талатын сөздерді ойлатқы-зу И -не и-не- лік и- гі- лік. Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру. Сөз- дерді буындап оқи білуге тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Геометриялық пішіндердің атауларымен: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш; денелердіңатауларымен: текше, шар, цилиндр таныстыру. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:*«Й»*** дыбысы-мен таныстыру. ***«Й»***дыбысының сөздегі орнын табуды үйрету. Й дыбысынан бвсталатын сөздер ойлай Й од Йо гурт тағыды басқа сөздер ойластыру Дидактикалық материал-дарды пайдаланып, бала-лардың ойлау қабілетте- | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеттері: 6 саны мен цифрының құрамы мен таныстыру** Балалар- ды сандар құрамымен таныстыру.Ойлау, ес- те сақтау қаабілетте- рін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»***<br>***Ойын шарты:*** Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Балаларды сандар құрамымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қаабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету.Қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптас- тыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға,есептер- ді шығарған кезде ойла- нуға, әртүрлі белгілер бойынша салыстыруға үйрету. Зейінді, жады мен сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу.<br>***Дидактикалық ойын: «Затты тап»***<br>***Ойын шарты:*** Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді,топтарда талқы- лап, геометриялық дене- лерге ұқсайтын заттарды атайды.Әрбір дұрыс жау- ап үшін фишка алады. Жинақтағы геометрия- лық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсай- тыны ***(осындай пішінге ие)*** туралы сұрайды.<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері:** Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары | ***Дидактикалық ойыны: «Жоғалған дыбысты тап»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог балаларға суреттерді көр сетіп бір дыбысы жоғал- ған сөз айтады,балалар сол жоғалған дыбысты орнын тауып айтады. ***Мысалы: Көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбы- р...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ).***<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері: Бір уыс мақта ертегісінің кейіпкерлері туралы әңгімелеу** Кейіпкер лердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>***Дидактикалықойын: «Ойлан , тап!»***<br>***Мақсаты:*** Сөздік қорын молайту , тілін дамыту<br>***Құралдар жабдықтар:*** Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері<br>***Ойын барысы:*** Педагог балаларды бір – бірлеп ортаға шығарады , содан кейін кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұра-ды , соны сипаттап ай- тып беру керек , ал қал-ған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын таб керек.<br><br>**3. Қазақ тілі** | Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету.<br>***Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп»*** ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді.<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:**Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу<br>***Дидактикалық ойыны: «Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.<br>***Мысалы:***<br>***Педагог:*** Балалар бақта<br>***Балалар:*** Жүгірді.<br>***Педагог:*** Атам шалғымен шөп<br>***Балалар:*** шапты.<br>***Педагог:*** Анам сиыр ***Балалар:*** сауды.<br>***Педагог:*** Аю қыста ***Балалар:*** ұйықтайды.<br><br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі | рін, қиялын дамыту. Жа-зу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жо-ғарғы және төменгі сы-зығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>***Дидактикалық ойыны:«Сөз айт, тез айт»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог балаларға Й дыбысы бар сөздер ойлап айтуларын сұрайды Мысалы Айна ойла қайда ойна тойла жайна тағыда басқа сөздер.<br>***Мысалы:*** дауысты дыбыс- тардан басталатын сөздер: ***алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз.***<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>***ойынның атауы: «Ертегіні жалғастыр»***<br>**Мақсаты:** Балаларға таныс ертегіні жалғасты руға үйрету, ой-өрістерін дамыту.<br>***Құрал – жабдықтары:*** Ертегінің кейіпкерлері -нің суреттері.<br>**Ойынның барысы:** Педагог ертегі кейіпкер- лерін үстелдің үстіне қояды, ***(мысалы: шал- қан, атасы, апасы, немересі)*** балалар әрі қарай ертегінің атауын тауып, сол ертегіні жалғастыруы керек . | ***Дидактикалық ойын: «Көп және біреу»***<br>**Ойынның мақсаты:** Көп және біреу қаты- настарын білуге үйре- ту; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Көп және бір зат бейнелен ген суреттер.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар берілген су- реттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттер- ді бөліп, екі жаққа қояды.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері**Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу ***Арнайы көліктер»***<br>***Мақсаты:*** Көліктер ту- ралы түсінік беру. Құрас- тыру біліктерін арттыру<br>***Ойын шарты:*** Көліктер-ді үлгіле қарап құрастыру.<br>***Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»***<br>***Мақсаты:***Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу ***Арнайы көліктер»***<br>***Мақсаты:*** Көліктер ту-ралы түсінік беру. Құрас-тыру біліктерін арттыру<br>***Ойын шарты:*** Көліктер-ді үлгіле қарап<br>құрастыру.<br>***Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»***<br>***Мақсаты:***Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру.<br>***Шарты:***Көліктердің су-реттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау.<br>.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты<br>өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет)***<br>***Ойын шарты:*** Допты лақтырып, қалаған тәсіл-мен қайта қағып алады.<br>Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тыры-сады.<br>Допты жерге құ-латпаған жеңіске жетеді. | **Тақырыбы:** Өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>***Дидактикалық ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін».***<br>***Ойын шарты:*** Педагог жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, су- рет салу, ұйықтау деген-дерді қимылмен көрсе-теді, балалар не істегенін айтады.<br>***Бекітуг еойын: «Менде, сенде...».***<br>***Ойын шарты:***Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. ***Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?***<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:**Ақшақар туралы түсінік беру Ақшақар жылдың қай мезгілінде болады ақшақар кіммен бірге жүреді Музыкалық дыбысталуының сипат-тамасына сүйене оты-рып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнер-ліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыс-тарды ажырату, қолымен бағытын көрсете оты-рып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты | жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу<br>***Дидактикалық ойыны: «Ажырат»***<br>***Ойынның мақсаты:***Киімдерді ажырата білуді үйренеді.<br>**Ойынның шарты:** Қысқы киімді көк, жазғы киімді сары сөмкеге салу керек.<br>**Көрнекілігі:** қысқы,жаз- ғы киімдердің суреттері.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру.<br>***Коорданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол»***<br>***1.«Көздерімен атыс»*** оңға – солға, жоғары – төмен (6рет).<br>***2.***Көздерімен сағат тілі-мен 6 шеңбер, сағат тілі-не қарсы 6 шеңберсалу.<br>***3.***1–9 сандарын көздеріменжазу.<br>***4.***Көздерімен көлденең 6 сегіздіжазу.<br>***5.***Көздерімен сағат тілі-мен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрышсалу.<br>***6.***Сағат тілімен көздері-мен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигуралардысалу. | **2.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу **«Ыдыс аяқ дүкені**<br>***Сюжеттік ойын: «Дүкен»***<br>***Ойын шарты:*** Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: –Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе!<br>–Кесе беріңізші.<br>–Қандай кесе?<br>–Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз.<br>–Рақмет. Сау болыңыз.<br>–Сау болыңыз.<br>Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды.<br><br>**4. Музыка**<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысты-ру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау **..** | ***Шарты:***Көліктердің су-реттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау.<br>.<br><br>**3.Мүсіндеу**<br>( жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)<br>**Міндеттері:**.Тиіннің тіршілік ортасы туралы түсінік беру әдемі мүсін жасауға үйрету Алған білімдерін пайдалана отырып тиіннің мүсінін жасау– дене бөліктерін біріктіріп қосу табиғи материалдарды таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру Баланың ойын тілін шығармашылық қабілетін көркемдік талғамын дамыту жан жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>***Дидактикалық ойыны: «Тиіннің суретін көрсетіп ермексазбен мүсіндеу оның түсі қандай немен көректенеді сипаттау Құралдар жабдықтар:***ЖанғақЕрмек саз ақ қағаздар түрлі түсті қарындаштар<br>.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қимылды ойын: «Доп- ты тордан лақтыр»***<br>**Мақсаты:** Допты лақты-ра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>***Шарты:*** Құрылған тор-дың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру ке-рек. Педагог жерге түс-кен допты санап отыра-ды.Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі. | жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау.<br>***Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев).***<br>***Ойын шарты:***Педагог ойыншартынтүсінді-реді. Балаларшеңбербойыментұрады. Педа-гог топ ішіненбойыұзынбірбаланыжәнебойы аласа баланытаң-дапалады. Бойықысқабаланың***«көлеңке»*** бола-тынынтүсіндіреді. Яғни, әндіайтажүріп, бойыұзын бала қандайқимылжасаса, ***«көлеңке»***соныңқимылыншат аспайқай-талауытиіс. Ойын шар-ты бұзылса, айыпретіндетақпақнемесеәнорындапбереді | | ***Музыкалық-ырғақтық ». :*** Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқ-тап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аю-дың жүрісін салып, қор-баңдап жүреді. Балалар-ға интерактивті тақта-дан ***«бесікке салу»*** рә-сімдерімен таныстыру. Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру. Бесікті не үшін аластайтынын айта кету.Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді ***«Бесік жыры»*** дейміз. | жүруге жаттығу.<br>Сырықтапн жалғыз аяқпен секіріп өткенде , табанмен емес , аяқтың ұшымен итеріліп , жұмақ қонуға ұмтылу. .Бұлшық еттің үйлесімді жұмы-сы үшін сәйкес реф-лекстерді қалыптас-тыруға арналған жат-тығуларды қолдану біліктілігінбекіту. Ке-ңістікті бағдарлау, тө-зімділік, ептілік, реак-ция шапшаңдығын дамыту.<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (ты-ныс алу гимнастикасын орындау)***<br>***Ойын шарты:*** Балалар екі топқа бөлінеді. ***«Ақшақарлар»*** аяғы-ның ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. ***«Тентек желдер»*** дем алады.<br>***Педагог: «Жел тұрды!»*** – де-генде ***«тентек жел-дер»*** шығып, ***«ш-ш-ш-ш-ш»*** деп оларды ұшыра бастайды. ***«Ақшақарлар»*** қашып, жата қалады, тығылады. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек:** «Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)**<br>Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз).<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет<br>терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл<br>ген тапсырманы тия-<br>нақты орындауларын қадағалау.<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр. | кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:**«Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу. |
| **Ойындар , дербес әрекет**<br>**Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс** | ***Артикулыциялық жаттығулар:***<br>***1.«Терезе»***-балаға аузын кең ашып ***«Ыстық»*** деп айтуын сұраңыз, ал со-сын еріндерін кішкені жауып ***«суық»*** деп айтқызыңыз.<br>***«Окошко»*** - попросите ребенка широко открыв рот сказать:***«Жаааарко»,***а затем, максимально сжав губы сказать:***«хоооолодно».***<br><br>***2.«Пілдің тұмсығы»*** - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады<br><br>**Баламен жеке жұмыс: Султан**<br>**Дыбыстарды айтқызу** | ***«Ж»*** дыбысын буын ішінде келтіру:<br>***Жа-жа-жа – жалау.***<br>***Жо-жо-жо – жол.***<br>***Жу-жу-жу – жусан.***<br>***Жы-жы-жы – жылан.***<br>***Жи-жи-жи – жиек.***<br>***Же-же-же – жер.***<br>***Жә-жә-жә – жәшік.***<br>***Аж-аж-аж – гараж.***<br><br>**Жаңылтпашайту.*Жоғалды бес шыбыш, Жоқәлі еш сыбыс.***<br>***Жоқәлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш***<br>***(Қ.МырзаӘли)***<br><br>**Баламен жеке жұмыс: Дияр**<br>**Түстерді ажыратуға үйрету** | ***«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны***<br>– Мен сөз айтамын, сен-дер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>***Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапы-рақ), тәтті ...(ірімшік),***<br>***сары ... (өрік), кішкен-тай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор),***<br>***ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты...( алма) т.б.***<br><br>**Баламен жеке жұмыс: Үй жануарларының адамға** | ***Саусақ ойыны:***<br>***« Қозылар»***<br>***Мақсаты:***саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>***Тіл дамыту жаттығуы***<br>***Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,***<br>***Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,***<br>***Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,***<br>***Қозыларды мен жақсы көрем,***<br>***Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,***<br>***Қопарды да өзісуретсалды,***<br>***Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,***<br>***Қозыларды мен жақсыкөрем,***<br>***Мынақозыортағатұрамдеп,*** | ***Сюжеттік - рөлді ойын:«Көше»***<br>***Мақсаты:*** Балаларға бағдаршамның атқа-ратын жұмысын, авто-бусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.<br>***Жағдаят:***<br>***Бағдарламалық мазмұны:***<br>**1.**Балаларға көліктер-дің түрлері,жүргізу-шілердің еңбегі және көше қозғалыстары-<br>ның ережесі туралы түсінік беру.Көше ережелерінің белгіле-рін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс;** | | | **қандай пайдасы барын айтып әңгілемеу (Айдана)** | ***Бүкілағаларынитеріптаста ды.*** <br><br> **Баламен жеке жұмыс: Жабайы аңдар туралы түсінік беру (Ақсезім)** | ***2.***Көше қозғалыстары-ның негізгі ережеле-ріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяулар-ды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету. <br> ***Атрибуттар:***Түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдар-шам, белгілер, реттеу-шінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. <br> ***Қатысушылар:*** поли-ция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізу-шілер, жаяулар. <br> **Баламен жеке жұмыс: Табиғат туралы сурет арқылы әңгімелеу (Қайсар)** |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, когнитивтік, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, көрнекілік, дербес және т.б.)** <br> **Балалардың іс-әрекеті (ойын, когнитивтік, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, көрнекілік, дербес және т.б.)** | **Ойын:** «Керсінше айт» <br> «Бір сөзбен ата» | **Ойын:** «Жазылмай қалған сандарды ата» <br> «Орындықтар» | **Д/ойын:** «Сиқырлы суреттер» <br> «Қай қолымда көп» | **Ойын:** «Ұзын-қысқа» <br> «Кім епті» | **Қимылды ойын «Үйсіз қоян».** <br> **Мақсаты**: <br> —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; <br> —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу. | Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру | Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу. | Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру | Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!! |

**Тәрбиеші: Абдрахманова А.Б**

**Тексерген:** **Оқу ісі меңгерушісі Нурушева Аягоз Негметолловна**

**Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

**Мектепалды сыныбы**

**Балалардың жасы 5- жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02.-16.02.** 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау<br>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау<br>Тазалық шараларын жүргізу. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.**<br>***«Суреттерді орналастыр»***<br>***Ойынның мақсаты:***Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | ***Құрылыс ойындары:***<br>***«Еңбек құралдары»,***<br>***«Наубайхана құрастырамыз».*** | ***Фотосуреттер қарастыру:***<br>***«Бидай мен қаңбақ»***<br>Фотосуретте бейнелен-ген ертегі желісі бойын-шасурет арқылы орналастыру.<br>***«Бидай мен қаңбақ»***<br>суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | ***«Біз дәнбіз»***<br>Диқанжерге дән екті ***(дән сепкен қимылды көрсетеді)***<br>Сіркіреп, жаңбыр жауды ***(қолдарыншапалақ- тайды)***<br>Жер бетіне көгеріп, бидай шықты ***(қолдарын жоғары көтереді).***Жайлап самал жел есті ***(қолдарын ырғайды)*** | ***Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»***<br>***Комбайынмен бидайды,***<br>***Былай, былай жинайды.***<br>***Қаптап ұшқан торғайдан,***<br>***Оны қалай қорғайды?***<br>***Қаптап ұшқан торғайдан,***<br>***Оны былай қорғайды.***<br>***Кіш, кіш, кіш...***<br>***Қорғап қалған бидайды,***<br>***Қамбаға әкеп жинайды.*** |
| Жаттығулар | Жан-жақты дамытушы жаттығу | | | | |
| Сөздік минимум | ***Қарлы түндер ұзарды*** ***ықылас, ырыс, ынта*** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***Жылулық сәті:***<br>***Ашық менің жүрегім***<br>***Ылғи күліп жүремін*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Достарымның барлығын,***<br>***Сыйлап,жақсы көремін.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Аманбысың,алтынкүн!***<br>***Аманбысың,жарқын*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Достар ,бері келіңдер,***<br>***Қолдарыңды беріңдер.*** | ***Жылулық сәті:***<br>***Күніміз ашық болсын!***<br>***Түніміз тыныш болсын!*** |

| | Бірге ойнап, бір жүрер Достарым көп,білемін! | Алақаным арқылы Жылуымды беремін. | күн! Маған жылу,жарықбер, Қуаныш пен шаттық бер. | Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. | Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері** Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.:<br>***Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта».***<br>***Ойын шарты:«Қан-тар»*** өлеңіндегі ***«мұз-дай», «ызғарлы»,«қар-лы», «түндер»,«ұзар-ды», «қысқарды»*** сөзде-рінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.<br>***Мысалы: «мұздай»*** сөзіндегі ***«Д»*** дыбысы – дауыссыз дыбыс. ***«Ызғарлы»*** сөзіндегі ***«З»*** дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады.<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Балаларды сандар құрамымен таныстыру ,6 санының құрамына есеп шығару Балаларды тура және кері санауға үйрету Ойлай есте сақтау қабілеттерін дамыту ; Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, , сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамы-ту. Дербестікке баулу.***Дидактикалық ойыны: «Қарама-қарсы бағдарды ата»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог ұйымдастырады. Педагог | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері**Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>***Ойын-жаттығуы: «Берілген дыбысқа сөз ойла»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог балаларға қандай да бір дыбысты атайды, сол дыбыс кездесетін сөздер-ге мысал келтіреді. ***Мысылы: «Ы»***-дыбысы сөз басында:***ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.***<br>***«Ы»- сөз ортасында: маймыл, мамық, жас-тық, қатық, қымыз,қы-лыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын,қақ-тығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.***<br>***«У» - дыбысы кездесе-тін сөз: тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.***<br>***«Ү» - дыбысы кездесе-тін сөз: үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б*** | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері турала ұғым қалыптастыру Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету Зейінді жады мсен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу . Ойлау, есте сақтау қаабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету.<br>***Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны***<br>***Ойын шарты:*** Педагог-тың үстелінде бірнеше пішіндердің суреттері жатыр. Балалар бір-бірден алып соны сипаттап беру Содан кейін балалар көздерін жұмады, осы кезде педагог бір не-месе екі заттың орында-рын ауыстырады.Балалар көзін ашып, қандай өзге-рістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған же-рін айтады.Педагог бала-ларды заттардың бір-бі-ріне қатысты орналасу-ын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталан-дырады.<br>***Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.*** Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды<br><br>**2.Сауат ашу негіздері** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері: Сөйлем құрып сө-йлемдегі сөздерді-ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру**Дыбыстық талдау жасауға жаттық-тыру.дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Мамандық түрле-рімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>***Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог балаларға сурет көрсе-теді бірінші буынын айтады, балалар екінші буынын айтады.<br>***Мысалы: ал...ма, бақ-та...шы, қар...быз, қа...-уын, қала...қай, қыза...-нақ, қор...жын, дәп..-.тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал..-.та, көр...пе, сә...біз, ба-ра...бан, қо...зы,құмырс.. қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ.***<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:**Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту. | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Балаларды сандар құрамымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қаабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету.<br>***Дидактикалық ойын : «Сиқырлы қозғалыстар»***<br>***Ойын шарты:*** Ойын-ды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті ). 1-2 баланы белгілі бір ұяшық-тарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгі-лейді. Тапсырманы осы балалардың қолы-на береді және қалған балалар тексере ала-тындай етіп тақтаға іліп қояды.Бала марш-рутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеттері:** Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу. тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
